

ПСИХОЛОГИЯ

6

АДАМЗАТ
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ



«Мәдени мұра»

**Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша
шығарылып отыр**

“Мәдени мұра”
Мемлекеттік бағдарламасын
іске асыру жөніндегі қоғамдық
кеңестің құрамы

Құл-Мұхаммед Мұхтар, төраға
Досжан Ардақ, төрағаның орынбасары
Асқаров Әлібек, жауапты хатшы

Қоғамдық кеңестің мүшелері

Абдрахманов Сауытбек
Аяған Бүркіт
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әйтімова Бірғаным
Әлімбай Нұрсан
Әуезов Мұрат
Базылхан Нәпіл
Байпақов Карл
Биекенов Кеңес
Бұрханов Камал
Ертісбаев Ермұхамет
Кенжеғозин Марат
Қасқабасов Сейіт
Нысанбаев Әбдімәлік
Өмірбеков Байтұрсын
Салғара Қойшығара
Сариева Рысты
Сейдімбек Ақселеу
Сұлтанов Қуаныш
Таймағамбетов Жәкен
Тұяқбаева Баян
Хұсайынов Көбей

ПСИХОЛОГИЯ



АДАМЗАТ
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ

10 ТОМДЫҚ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ИНСТИТУТЫ

ПСИХОЛОГИЯ:

АДАМЗАТ АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Редакция алқасы:

Әбділдин Ж.М.	— ҚР ҰҒА академигі
Әбеуова И.Ә.	— пед.ғ.к., доцент
Әбішев Қ.Ә.	— философия ғ.д., профессор
Әлжан Қ.Ұ.	— философия ғ.к., төрағаның орынбасары
Бердібаева С.Қ.	— психология ғ.д., доцент
Ғабитов Т.Х.	— философия ғ.д., профессор
Жақыпов С.М.	— психология ғ.д., профессор
Жарықбаев Қ.Б.	— психология ғ.д., пед.ғ.д., профессор
Молдабеков Ж.Ж.	— психология ғ.д., профессор, төрағаның орынбасары
Нұрмұратов С.Е.	— философия ғ.д., доцент
Нысанбаев Ә.Н.	— ҚР ҰҒА академигі, төраға
Сәбит М.С.	— философия ғ.д., профессор
Сейсенова Н.Б.	— жауапты хатшы
Шериязданова Х.Т.	— психология ғ.д., профессор

Құрастырушылары:

Жақыпов С.М.
Тоқсанбаева Н.Қ.

Аудармашылары:

Жақыпов С.М.	— психология ғ.д., профессор
Жұбаназарова Н.С.	— психология ғ.к.
Қалымбетова Э.К.	— психология ғ.к.
Құнанбаева М.Н.	
Лиясова А.А.	
Садықова Н.М.	
Тоқсанбаева Н.Қ.	— психология ғ.к., доцент

Сарапшысы:

Бердібаева С.К. — психология ғ.д., доцент

ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАСЫ



6

ББК 88.1
П84

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

П84 **Психология.** Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Дамыта оқытудың мәселелері: теориясы және практикасы. 6-том/Жетекшісі — акад. Ә.Н.Нысанбаев. — Алматы: "Таймас" баспа үйі, 2006. — 448 бет.

ISBN 9965–806–23–3

Бұл томда В.В.Давыдов, Л.Клинберг, В.В.Рубцов, В.И.Панов, Д.Б.Эльконин, Э.Стоунс, И.И.Ильясов, А.М.Матюшкин еңбектерінде қарастырылған оқыту мәселесі психологиялық тұрғыдан талданады.

Психолог мамандарға, мектеп мұғалімдеріне және көпшілік оқырмандарға арналған.

П 0303000000—23 06
00(05)—06

ББК 88.1

© "Таймас" баспа үйі, 2006

© Жақыпов С.М., Тоқсанбаева Н.Қ.,
құрастырушылар, 2006

© Жақыпов С.М., Жұбаназарова Н.С.,
Қалымбетова Э.К., Құнанбаева М.Н.,
Лиясова А.А., Садықова Н.М.,
Тоқсанбаева Н.Қ., аудармашылар, 2006

ISBN 9965–806–23–3(6-т.)

ISBN 9965–9782–0–4

© "Баур плюс" ЖШС, көркемдік
безендірілуі, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған жинақта жастардың білім алуына жаңа мүмкіндіктерді жасап, мәдени-рухани дамуына ерекше мән беріп, сол арқылы әлеуметтік-саяси көзқарасының, кәсіби іскерлігінің қалыптасуы үшін педагогикалық психология арқылы іргелі білім, терең тамырлы тәрбие беру жолдары кеңінен талқыланады.

Оқу — күрделі процесс. Ол адамның бүкіл өмірінде қайталанып отыратын әр түрлі білім мен біліктіліктерді меңгеруге бағытталған оқудың қасиеттері, құрамы және құрылымы, сондай-ақ факторлары мен детерминанттары — психологиялық-педагогикалық зерттеулердің ежелгі пәні ретінде қаралады. Қазіргі кезде оқу қарқынды түрде зерттелуде, ол педагогикалық психология мен басқа да аралас пәндердің маңызды саласы болып табылады. Оқуға деген қызығушылықтың артуы, бұл процесс адам жайлы ғылымды дамытуға әсер етеді және өсіп келе жатқан ұрпақты оқытудағы тәжірибелік мәселелерді шешуді қарастырады.

Қазіргі кезде өмірде болатын оқиғалардың (мысалы: адамдар, кітаптар және басқалар) кейбіреулері келесі күні-ақ ұмытылады, ал кейбіреулері адамның бүкіл өміріне әсер етіп, есінде ұмытылмастай болып қалуы мүмкін. Соңғысына еш күмәнданбастан В.В.Давыдовтың "Оқытудағы жалпылаудың түрлері" кітабын жатқызуға болады.

1972 жылы алғаш басылып шыққан бұл кітап педагогикалық психологияда жаңа дәуірдің басталуына жол ашып, сонымен қатар мәдени-тарихи теорияны іс-әрекеттің дамуындағы негізгі кезеңге айналдырды. Ол біреулерде үзілді-кесілді қарсылықты, біреулерде мәнді бағдарламаға айналған ұлы іске қосылу тілегін туғыза отырып, оқығандардың барлығын селқос қалдырмады.

Бұл кітаптың басылғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның психология мен білім үшін маңызы, ондағы

идеялардың беріктігі жақтастарына ғана емес, қарсыластарына да айқын бола бастады, сондықтан олар кітаптың "зияндылығы" жайлы қайталап айтуды тоқтатпады. Бүгін, көп жыл бұрынғыдай, "Оқытудағы жалпылаудың түрлері" еңбегінен бастау алған, кейінгі басқа да кітаптарда дамытылған негізгі идеялар әр түрлі адамдарда қарама-қайшы, бірақ біркелкі: ой тереңдігіне масаттану, аса күрделі маңыз беріп қабылдамау тәрізді күшті сезімдер тудырды. Осындай сезімдер туғызарлықтай бұл кітапта не жөнінде жазылған?

Мектеп жүйесін соншама шиеленіскен формада сынау, біздің ел тұрмақ, шетел идеологтарына да мүмкін болмады.

Бір қарағанда, В.В.Давыдов қойған мәселе мазмұны мен білім беру әдістері қазіргі ғылыми-техникалық жетістіктерге сәйкес емес, ол туралы түрлі формаларда басқалар да айтқан. Бірақ давыдовтық ұстанымның принципті ерекшелігі сол үйлесімсіздікті көруі болып табылады.

В.В.Давыдов дәстүрлі оқыту жүйесін талдай отырып, оның негізінде парасатты-эмпирикалық ойлау принциптері жатқанын көрсетеді және мынадай қорытындыға келеді: қабылданған оқыту жүйесі балаларда эмпирикалық ойлауды тәрбиелейді. Мектеп жасының бастапқы кезінен бастап ойлаудың басқа типін, яғни ойлаудың жоғарғы деңгейі деп саналатын теориялық немесе саналы типін қалыптастыру қажет. Мәселені былай қою дәстүрлі дидактиканы қабылдамауды туғызды, өйткені онда жарияланған білім берудің ғылымилық принципі тек қана декларация болып табылды. Оны көптеген педагогикалық психология өкілдері де қабылдамады, өйткені кері жағдайда олардың ойлау туралы түсініктерінің негізінде "ассоциативті сенсуализм" жатқанын мойындау керек еді.

Оқыту процесінде қалыптасатын ойлау типі оқу бағдарламасының мазмұны және оқыту әдістерімен анықталатындықтан, В.В.Давыдов дәстүрлі оқу бағдарламасының құрылу тәсілдерін арнайы талдап, тәсілдердің түпкілікті өзгеріссіз, білім беру нәтижелерінде сапалы өзгерістерге жету мүмкін еместігін көрсетеді.

В.В.Давыдовтың кейінгі еңбектері, яғни "Дамыта оқыту мәселелері", "Дамыта оқыту теориялары" бойынша талдауға болады. Бұл еңбектерден оның, шынайы диалектик ретінде, адамның даму мәселелеріне ерекше көңіл аударғаны айқын көрінеді. Л.С.Выгодский мен А.Н.Леонтьевтен кейін ол дамуды "тарихи қалыптасқан іскерлік типтерін және оларды меңгеру процесінде іске асатын қабілеттілікке сәйкес еске түсіру" деп түсінді. Сонымен меңгеру дегеніміз адам дамуының жалпы формасы болып табылды.

Оның "Оқытудағы жалпылаудың түрлері" еңбегінде көрсеткен бағдарламасын бүгінгі білім ұстаным тұрғысынан

қарастырсақ, ол баланың психикалық дамуы арқылы оның ойлауының дамуына қол жеткізудің орнына, негізгі мәселені шешуді кезендерге бөлуді енгізгенін сеніммен айтуға болады. Балада ойлаудың теориялық типін қалыптастыру арқылы ол оның психикасының басқа жақтарының тұтастай дамуы үшін негіз құруға ұмтылды, әйтпесе, тек саналы ойлауды қалыптастыру арқылы баланы оқу іскерлігінің субъект ұстанымына енгізуге болады және В.В.Давыдовтың ойынша, сол арқылы кіші оқушының жеке басын тәрбиелеуге жақын және тура алғышарт құру керек.

А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет тәсілін жақтаушы ретінде В.В.Давыдов балада түсінік қалыптастыру үшін онда теңбеге тең іс-әрекет құру керек дегенге тоқталады. Алайда мәселе бұл іскерлік қалай құрылу керек дегенде болып отыр.

Бұл мәселенің шешімін табу үшін В.В.Давыдов ой қабілетін қалыптастырудың әр түрлі аспектілеріне арналған психологтар мен педагогтардың еңбегін талдап, 2 негізді қорытынды жасайды. Біріншіден, оқушыларда мазмұнды қорытынды қалыптастыру оқыту тәсілдерін қазіргі ғылым деңгейіне жақындатудың маңызды шарты болып табылады. Екіншіден, оқу тәжірибесінде білімді баяндау "жалпыдан жекеге" принципі бойынша жүргізілуі мүмкін. Мақсат — оқыту пәндерінің құрылуына сай тәсілдерді талдау. Бұл мәселені шеше отырып, ол: "оқушылардың нақтылы оқыту пәндерінің мазмұнын меңгеруі — оларда теориялық ойлаудың қалыптасуы қызметін атқарып, біріншіден, жүйенің "торлары" туралы жазып алынған түсініктер арқылы маңызды дерексіздік пен қорытынды жасау, екіншіден, дерексіздіктен нақтылыға көшу арқылы жүзеге асады", — деген болжам ұсынды. Бұл болжамнан шығатыны, оқытуды қорытқанда оқушылар нақты әрекеттер арқылы модельдерде ерекше қарым-қатынасты белгілеп, ол бір уақытта оқылып жатқан жүйенің жеке көріністерінің жалпы негізделуі ретінде көрінеді, содан соң бастапқы қарым-қатынасты нақтылай отырып, жалпының жекемен және жекенің жалпымен байланысын бақылайды.

Оқу материалының мазмұны мен дамыту тәсілдері зерттеу нәтижелеріне ұқсас болу керек, яғни оқушыларға жалпы формада басталған шынайы қозғалысты көрсету қажет.

Бұл жерде келешекте оқыту іскерлігінің теориясына айналатын, біздің ғана елде емес, шетелде де көптеген және әр түрлі жоспарлы зерттеулерді ойлап-тауып, ақырында дамушы оқытудан "Эльконин – Давыдов жүйесі" бойынша кең педагогикалық практикаға айналуының негізі қаланды.

Даниил Борисович Эльконин (1904—1984) — Л.С.Выготскийдің әлемге танымал ғылыми мектебінің негізгі

өкілдерінің бірі. Осы мектептің идеяларын қабылдай отырып ол бірнеше жылдар бойы өзінің эксперименттік және теориялық жұмыстарында оның түпнұсқаларын нақтылап, соның негізінде бала психологиясы және педагогикалық психология бағытында өзінің ғылыми бағытын қалыптастырды.

Д.Б.Эльконин іргелі ғылыми мәселелерді терең талдауға және зерттеуші қабілеттерді, қолданбалы психологиялық сұрақтарды тиімді шешуге, педагогикалық тәжірибе мәнін ашуға бейім болды. Оған бала дамуын кезеңдерге бөлу теориясы және балалар ойынын жатқызуға болады.

Ол А.В.Запорожецпен бірге 1970-жылдары "Балалық шақтың ортасы" жобасын дайындап, онда мектепке дейінгі мекемелердің, мектеп және ғылыми мекемелердің бірігу мәселелерін қарастырған. Өзінің еңбектерінде ол Л.С.Выготскийдің адамның мәдени-тарихи дамуы идеясына сүйенді. Теориялық зерттеулерінде Л.С.Выготскийдің жалпы қағидаларын тереңірек ашты. Біріншіден, балалық дамуды, екіншіден, нақты тарихи сипаттамаға ие ерекшеліктерді қарастырды. Бұл дегеніміз, балалықтың әр түрлі тарихи кезеңдері нақты мазмұнға және нақты заңдылықтарға ие болатындығын көрсетеді. Сондықтан балалықтың тарихи даму теориясын құру өте маңызды.

Ол нәрестенің үлкендермен тікелей эмоциялық қарым-қатынасындағы рөлін, адамдық қарым-қатынастағы қажеттіліктерді игеру, дүниеге жалпы бағдар мәселелерін зерттеді. Мектепке дейінгі балалардың заттық-айлалы әрекетінің және ойын іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымын зерттей отырып, ол баладағы негізгі заттық-қимылдық және танымдық қабілеттіліктерді, тіл, белгілік қызметтер, адамдық жалпы қатынасқа бағдар пайда болу және ары қарай даму мәнін сипаттады.

Д.Б.Эльконин өзінің ғылыми өмірі барысында баланың психикалық дамуына байланысты сұрақтарды зерттеді және оны шешуге бар ынтасын жұмсады. Ол психикалық дамуды баланың қоғамдық заттармен ішкі байланысы және үлкендермен қоғам мүшесі ретінде қарым-қатынасы, яғни "бала-қоғам" жүйесінде қарастырды. Психикалық даму қатынастың екі типтік жүйесінде жүзеге асады:

- 1) Бала — зат — үлкендер;
- 2) Бала — үлкендер — зат.

Д.Б.Элькониннің баланың психикалық дамуы туралы көзқарасының жалпы теориялық тұрғыда даму кезеңдерін ашып көрсетуге негіз болды. Ол осыған байланысты А.Н.Леонтьев қалыптастырған "жетекші іс-әрекет" түсінігіне сүйенді. Д.Б.Эльконин балалардың дамуындағы жетекші іс-әрекеттердің арнайы типтері мен соған сәйкес жаңа

құрылуларға байланысты бірнеше жас кезеңдерін ажыратты.

Оның айтуынша, балалық жас екі түрге бөлінеді: біріншіден, балада іс-әрекеттің қоғамдық-мотивациялық жағы; екіншіден, іс-әрекеттің операциялы жағы қалыптасады.

Д.Б.Элькониннің қазіргі психологияға қосқан үлесін бағалау үшін оның әр түрлі жастағы балалармен жүргізген эксперименттік және теориялық зерттеулерімен танысу қажет. Жеті жасқа дейінгі баланың психикасын зерттеуде баланың үлкендермен бірлескен іс-әрекетінің рөлі мен мәні, олардың психикалық дамуындағы іс-әрекеттік қарым-қатынас ерекшеліктерін ашты. Ол балалардың рөлдік ойын мәселелерін 1930 жылы Л.С.Выготский және А.Н.Леонтьевтің басшылығымен зерттей бастады. Д.Б.Эльконин ойын мазмұнын баланың ересек және басқа адамдармен қарым-қатынасы арқылы ашады.

Педагогикалық психологияның өзекті мәселелерін В.В.Рубцов "Әлеуметтік-генетикалық психология негіздері" атты кітабында аталған пәннің ерекшелігін түсіндіру және анықтау үшін үлкен мәнге ие екі тарауға бөліп көрсеткен. Біз қарастырып отырған екінші бөлімде автордың қатысуымен білімді дамыту бағдарламалары және жаңа тұжырымдамалардың өңделген нұсқалары қарастырылған. Бұл материал дамудың әлеуметтік жағдайындағы әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштерді түсіну үшін ерекше мәнге ие болады. Қазір социумада білімнің коммуникативті іс-әрекетінің позициясының бекітілуі жүреді.

Автор социогенез мәселесімен айналыса отырып, бірлескен әрекеттерді зерттеудегі жаңа жолдарды ұсынады, оқу-танымдық, конструктивті-мазмұндық процестердің туындауы үшін бұл әрекеттердің нақты түрлерінің мәнін көрсетеді.

Оқу-танымдық әрекеттің генезисін анықтайтын ортақ әрекетті ұйымдастыру объектінің қайта құрылуындағы түрлі модельдердің байланысын және бұл модельдер дифференциациясындағы болжамды дәлелдеді деп есептесе болады. Мұндай ұйымдастырушылық бастапқыда басқа қатысушының іс-әрекетіндегі әрекет моделін құрастыру және ортақ жұмысты орындау процесіндегі объектімен түрлі әрекет схемаларын қосу жағдайында туындайды. Дәл осы жағдайда қатысушылар зерттелініп жатқан объектідегі өзгерістерге сәйкес және өз әрекет схемасының арасындағы байланысты белгілеп және жазып алуы мүмкін.

Балалардағы ортақ әрекетті дамыту мен ұйымдастыруды зерттеу жаңа әдіске алып келді. Мұндағы басты ерекшелік бұл әрекеттерге заттық жағдайлардың қосылуы болып табылады. Мұндай қосылуда заттарды жүйелеу принципін

іздеу және түсініктерді қалыптастыру процесін анықтайтын негізгі қасиеттерін бөлу, іс-әрекетті модельдеу арқасында жүзеге асады.

Ортақ әрекетті ұйымдастыру заңдылықтары және түрлі құрылымдық аспектілерді зерттегенде Ж.Пиаженің айтқан құрылымы сияқты, интеллектінің операциялы құрылымын конструктивті оқу-танымдық процестен бөлу заңды емес. Бұл процестер белгіленген мазмұндық қасиетке қатысты орындалған қайта құрылулардың дифференциациясы және зерттелініп жатқан объектінің құрылымын өзгертумен іштей байланысты. Жүйелік, жалпылық және заттылық оқу-танымдық әрекетінің толық орындалуының негізгі сипаттамасы болып табылады.

Осы мәселені В.В.Рубцов зерттеуіндегі алынған мәліметтерде бала дамуындағы оқытудың екі жолын, соған сәйкес ортақ әрекетті ұйымдастырудың екі негізгі формаларын бөлуге мүмкіндік береді. Бірінші жағдайда оқыту өзара әрекеттесу формасының сақталуы арқылы жүзеге асады. Мұнда бала дамуы бастапқыда қалыптасқан ой тәсілдерінің және құралдарының ары қарай тереңдетілуі және нақтылануы арқылы жүреді. Екінші жағдайда, оқытудың негізі балалармен жаңа қарым-қатынас жүйесін орнатуда жатыр. Алдыңғыға қарағанда, бұл жағдайда бала дамуы әрекетті ұйымдастыру формасын иеленумен анықталады және келесі бағыттарда жүреді:

— балада іс-әрекеттің бірлескен мақсатын қалыптастыру (ересектер арқылы берілген мінез-құлық және әрекет үлгілерін шығарамшылық қайта құруда және жүзеге асуда көрінеді);

— оларға таныс құралдармен өз әрекеттерін басқару және құрастыру, меңгеру (баланың берілген мәселе үшін мәнді құрылымды анықтайтын объектілерді бөліп ала білу қабілеті);

— балада коммуникация және өзара түсінушілікті дамыту (өз әрекетіндегі эгоцентризмді жеңуі және ұжымдағы жұмыс дағдысының қалыптасуы).

Бұл қорытындылар қоғамдық жүйелерді проекциялау үшін өте маңызды. Нақты іс-әрекет аумағын қамтамасыз ету үшін жаңа бағдарламаларды және тұжырымдамаларды, соған сәйкес түрлі саладағы мамандардан ерекше технологияларды және әдістерді талап ететін әлеуметтік жағдайды дамыту қажеттілігі туындайды.

Қорыта айтқанда, дамыта оқыту теориясының мазмұны болашақта нақты психологиялық-педагогикалық заңдылықтардан, оларды білудің дәл көрсеткіштері мен әдіснамалық құралдарынан құралады — бұлардың бәрі оқыту іс-әрекетін

қалыптастырудың кезеңдерімен және білім берудің әр түрлі сатысындағы субъектісімен сәйкес. Алайда мұнда негізгі және тарихи-теориялық негіздеудің мазмұны өте-мөте қажет екені көрсетілді. Қазір маңызды мәселердің бірі — жұмыс істеуге қабілетті және дамыта оқыту теориясының негізінде зерттеушілердің көбеюі. Теория нәтижелі негізделмейінше, оны практикада іске асыруға болмайды.

В.И.Пановтың "Балалық шақ экологиясы" мәселесінде білім беру және психологиялық аспектілерді зерттеуі экологиялық психологиядағы әр түрдегі әлеуметтік-орта жағдайларындағы адам дамуы экопсихологиясының жеке бағытын құруға алып келді.

Осы бағытты өңдеу үшін Ресей Білім академиясының психология институтында 1995 жылы В.И.Пановтың бастамасы бойынша дамудың экопсихологиясы зертханасы құрылды.

1992 жылы сол кезде Ресей білім академиясының вице-президенті болған В.В.Давыдов В.И.Пановтың тұлғаның кешенді қалыптасу орталығы негізінде құрылған "Балалық шақ экологиясы" және "Дарынды оқушы" бағдарламаларының жетекшілерінің бірі (В.П.Лебедова және В.А.Орловамен бірге) болуын сұрады.

Бұл тақырыптағы жұмыстар мектеп жасындағы балалардың оқуына және дамуына (физикалық, психикалық, әлеуметтік) қоршаған ортаның әсерін зерттейтін психологиялық зерттеулердің тереңдетілуін талап етті. Қоршаған орта дегеніміз отбасылық орта, білім беру (мектепке дейінгі, мектептегі, жоғары оқу орны және қосымша білім беретін мектептен тыс мекемелердегі), сонымен қатар кеңістік-заттық, ақпараттық, этномәдени және тағы басқа білім көздерінің, яғни қоршаған ортаның оқушыға екі жақты әсері бары белгілі. Бір жағынан, ол баланың отбасында білім алуына қажетті алғышарттарды жасайды (не жасамайды). Сондықтан оқушының табысты білім алуына қандай шарттар керектігін, олар тұлғаның қандай қырларын дамытатындығын, педагогикалық және психологиялық әрекетін қалай бөлу керектігін анықтау талабы туды. Екінші жағынан, қоршаған орта тек керек шарт емес, ол оқушының білім алуына не дамуына әсер ететін фактор болып табылады. Нақты айтқанда, бұл жерде білім беру технологияларының оқушылардың психикалық және физикалық күйлеріне әсері сөз болып отыр. Өз кезегінде мектеп жасындағы балалардың өзіндік табиғатындағы физиологиялық, психикалық және әлеуметтік дамуының мазмұны мен оқыту әдістерінің сәйкестігі туралы сұрақтар қойылады.

"Балалық шақ экологиясы" тақырыбының өзі адамның

табиғатқа қатынасы мәселелерін қарастыруды талап етеді, сонымен қатар адамның өзінің ішкі табиғаты, оның дамуы құбылыс ретінде, өзінің биологиялық және әлеуметтік жаратылысы бойынша екі жақты болып келеді. Шын мәнінде бұл жерде екі емес, адамда жүзеге асатын төрт түрлі: биологиялық, әлеуметтік, рухани, психикалық мән жайлы айту керек. Мектепте берілетін білім тек ғылыми пәндердің білімдер ғана емес, басқа адамзаттық құндылықтар мен өмірлік ұстанымдарды да қалыптастыруы керектігі белгілі. Ең алдымен, қоршаған табиғатқа, басқа адамдарға және әлеуметтік, сонымен қатар табиғи тірі адам ретіндегі өзіне қатынасы анықталады. Басқа сөзбен айтқанда, оқушылар санасының қалыптасуы, ең алдымен, экологиялық сананың қалыптасуы жайлы айтылып отыр. Осыдан келіп экологиялық сананы, оның психологиялық құрылымын мен қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарын терең зерттеу қажеттігі туды.

Экологиялық психология бағытының бірі болып саналатын экологиялық сана психологиясы мәліметтерін талдау мен жалпылау осылай туындады, қорытындысында "адам — қоршаған (әлеуметтік және табиғи) орта" жүйесіндегі адамның психикасы мен санасының дамуын зерттейтін экологиялық-психологиялық зерттеулердің басқа да негізгі бағыттары талданады.

Мектептік білім барысында оқушылардың танымдық процесі саласын дамытатын шарттармен қатар оның эмоциялық, тұлғалық, рухани-адамгершілік, сонымен қатар оның санасының саматопсихикалық салаларын дамытатын шарттар болады. Қазіргі мектептегі оқыту процесі дамуының пәні оқушылардың санасының, оның психикасының барлық саласының бірлік жүйесі ретінде, қоршаған орта, басқа адамдар осы әлемнің бөлігі ретінде өз-өзіне оның қатынасын анықтауы және айқындаушы болуы тиіс.

Бұдан екі түрлі мәселені талдау қажеттігі туады. Біріншіден, мектептегі білім беру орталарының ынталылықты жоғарлатуы жағдайында пайда болатын оқушылар қабілеттілігінің дамуындағы педагогикалық құрал ретіндегі, әлеуметтік-экономикалық қатынастағы қазіргі қоғамдағы титықтау күйіне тән жағдай, яғни толығымен әлеуметтік ортадағы психикалық күй мәселесі.

Екіншіден, бұл экологиялық сана мәселесі, жоғарыда айтылғандай тек "балалық шақ экологиясы" немесе оқушылардың рухани адамгершілік дамуының дүниетаным мәселелерінен ғана тұрған жоқ, сонымен бірге олардың дамуы, жас ерекшелік және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың әлеуметтену мәселесі де бар. Сөз болып

отырған мәселе дамудың әрбір жас ерекшелік кезеңінде (мектепке дейін, кіші мектеп жасында, жасөспірім, жоғары мектеп) биологиялық, психологиялық және тұлғалық (әлеуметтік) жаңа құрылулардың қалыптасу сатыларынан өтуі тиіс, яғни онда жас ерекшеліктері дамиды, баланың дамудың келесі кезеңіне өтуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Лотар Клинберг "Оқыту теориясының мәселелері" кітабында жинақталған ойлардың негізгі себебін көрсетуде әлі де аяқталмаған зерттеуді және шашыранқы болып келетін мәселелер бойынша дидактиканың негізгі теориялық-әдіснамалық сұрақтарын зерттеуді үдетуді қажет етеді. Мұндай сұрақтарға қалай болса, солай қарау дидактикалық дүниетанымның шектелуі мен оқыту практикасының прагматикалық функциясының іске асуына әсер етеді. Ғылымның үнемі өзін-өзі тануы ғана оны оқытуға жан-жақты әсер етуге қабілеттендіре отырып, теория мен практиканың талаптарына жауап береді.

Оқытудың қоғамдық ғылыми және техникалық шұғыл даму кезеңінде оқу процесі де өзгеріске түседі. Осыдан дидактиканың өзіндік танылу қажеттігі жайында және осыған байланысты дидактиктің қазіргі және болашақтағы дидактика пәніне деген жауапкершілігі жоғарылайды деген қорытынды шығаруға болады.

Балалар мен жастарға арналған міндетті жалпы білім беретін политехникалық дәстүрлі орта мектептегі балаларға арналған мектептің дамуы, үздіксіз білім беру процестері ("өмір бойы оқу"), жалпы коммуникация құралдарының жеке коммуникативті дидактикалық аралықта дамуы, акселерация мәселесінің тереңдетілуі, әрбір буын арасындағы әлеуметтік қатынастар мен педагогикалық байланыстың жаңа аспектілері, сонымен бірге ғылыми-техникалық төңкеріске әкелетін дамудың басқа да түрлері дидактика салаларын мүлдем басқаша өзгеріске әкеледі. Бірақ, оқытуға деген теориялық көзқарас өте баяу өзгереді және дидактика дамудың жаңа түрінің тууына баяу әсер етеді.

Қазіргі кезеңде дидактикалық мәселелерді таза дидактикалық көзқараспен шешу мүмкін емес. Дидактикалық мәселелер аймағының таралуы (*экспансия*) және осымен байланысты дидактика мәселесі қойылуының кеңеюіндегі оқыту процесінің қазіргі зерттеулері пәнаралық тұжырымдамаларды қажет етеді. Сонымен бұл еңбектің міндеті мұндағы көзделген дамудың жаңа формасы мен мәселенің ғылыми жағынан қойылуы болып отыр.

Автор бұл мақалаларында дидактикалық процестің логикаға сәйкес біздің қоғамдық құрылыспен нақты байланысын

көрсетуге талпынады және дидактиканың теориясы мен әдіснамасын соған сәйкес жасауды немесе оның негізінде қорытынды шығаруды ұсынады. Алғашқы 3 мақала дидактика мәселесінің қойылуының логикасына арналады. Олар процесті ары қарай талдау үшін дидактикалық-теориялық контексті көрсетеді. Соңғы мақалада талдау оқыту процесінің жоғары оқу орнындағы дидактика аспектісінде жалғасады және жалпы дидактика мәселесіне оқу пәні ретінде шолу жүргізіледі.

Көрсетілген зерттеулерден 1974—1980-жылдардағы жеке тақырыптар бойынша жеке мақалалар туындады. Олардың туындауының әр түрлі себептері болды. Олар: ғылыми конференциялар, лекциялар, зерттеулер бойынша баяндамалар, публицистикалық тапсырмалар және жай қажеттіліктер. Мұнда әңгіме жүйелік тұтас нәрсенің негізгі бөлімінде емес, жеке мақалаға сәйкес жинақта болып отыр. Бұл жинақтың артықшылығы — әрбір мақаланың өзіндік жақтарын сақтағанында, ал кемшілігі — бірқатар қайталануларға жол бергендігі. Бұл тағы да кітаптың түпкі ойымен байланысты.

Бірқатар жағдайларда автор өзі маңызды деген мысалға, оқытудың танымдық функциясы немесе жалпы дидактика мәселелері жайлы сұрақтарға тоқталады. Түпкі ой негізінде жеке мақалалар бірқатар негізгі ойлармен байланысады. Ол ойлар мынадай: тұлғаның дамуында негізгі категория ретіндегі білім беру түсінігі; "менгеру", "процесс", "шама" және "қарама-қайшылық" категорияларының дидактикалық өзектілігі, дидактика мәселесінің қойылу тарихы, оқытудың әлеуметтік және танымдық қызметі; "дидактикалық акселерация" мәселесі; дидактикалық пен әлеуметтік конгруэнциясы; оқытудың эстетикасы мәселелері т.б.

Жаңа талаптарды қанағаттандыратындай оқу процесін талдау тек жалпы білім беретін мектептегі дәстүрлі, біржақты дидактикалық мәселе қоюдан құтылуы қажет; ол адамның бүкіл оқу процесін, яғни онтогенез аспектісін де, сол сияқты барлық дидактикалық жоспардағы маңызды орын алатын сабақ беру мен оқу процестерін қамтуы қажет.

Осы мәселе бойынша Эдвард Стоунстың "Психопедagogика" кітабының негізгі қойған міндеті мынаны айқындайды: оқу теориясындағы жетістіктерді қалайша оқыту тәжірибесіне қолдануға болатынын анықтау. Өз ой-пікірлерінде автор көбінесе батыс психологиясының жетістіктеріне сүйенеді. Кеңес зерттеушілерінің арасынан ол балалардың ақыл-ой дамуына қатысты А.Р.Лурия, П.Я.Гальперин еңбектерін, сондай-ақ Л.С.Выготский сияқты ғалымдар пікірлерін пайдаланады.

Э.Стоунс алдыңғы қатарлы психолог және педагог ре-

тінде, балалар мүддесін қорғаушы, барлық қалыпты балалар табысты түрде оқи алатынына сенетін гуманист ретінде көрінеді. Бірақ балалардың бұл мүмкіндіктерін жүзеге асыру мұғалімнен оқыту процесін қазіргі ғылым мәліметтеріне сәйкес құруға мүмкіндік беретін іскерліктер мен дағдыларды меңгеруді талап етеді.

Оқыту мен дамудың байланысын қарастыру барысында Э.Стоунс көбінесе Ж.Пиаже еңбектерінің және Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин сияқты танымал кеңес психологтары зерттеулерінің нәтижелерін пайдаланады. Ең алдымен, автор оқушының ойлауын дамыту үшін олардың заттық әлеммен өзара әрекеттерінің қажеттігін көрсетеді. Ересектер сөйлеуінің бүкіл мүмкіндіктеріне қарамастан, үйретуші мен үйренуші (оқушы) арасындағы қарапайым сөздік қарым-қатынас оқушы ойлауын дамыту үшін жеткіліксіз. Оқушы тек қарым-қатынасқа түсуші ғана емес, сондай-ақ заттық әлемде белсенді әрекет етуші индивид болуы қажет және ол бұл әлем туралы білімдерді меңгеруі тиіс. Адамды оқытуда тілді пайдалану қандай маңызды болса, бұл да оқудың дәл сондай маңызды ерекшелігі екенін айта кеткен жөн.

Балалар ойлауының жасқа байланысты ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін айта отырып, Э.Стоунс сондай-ақ оларды оқытудың ықпалына ұшырамайтын, өзгеріссіз нәрсе деп есептеу дұрыс болмайтындығын ашып көрсетеді. Ең алдымен, кеңес психологтарының (Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.Р.Лурия т.б) еңбектеріне сүйене отырып, кітап авторы балалардың жас ерекшелік мүмкіндіктерінің оларды оқыту тәсіліне тәуелді екендігін көрсетеді.

Бала дамуындағы оқытудың жетекші рөлін түсінудің оқыту практикасы үшін мәні зор: оқыту дамудың өзекті аймағына, Л.С.Выготскийдің айтуынша, қалыптасып болған және кешегі күнді құрайтын аймағына емес, жақын даму аймағына, яғни бала дамуының ертеңгі күніне бағытталуы тиіс.

Автор жүргізілген талдаудан шығатын негізгі педагогикалық қорытынды ретінде мұғалім балада оқытудың басында қалыптасқан ойлау тәсілдерімен шектеліп қалмай, белсенді түрде жаңа ойлау тәсілдерін құруы тиістігін атап көрсетеді. Баланың ойлауы сәйкес келетін кезеңді ескере отырып, оқушы мұғалімнің көмегімен белсенді түрде ұмтылуы тиіс келесі сатылар туралы ойлануы керек.

Осы байланыста логикалық ойлауды дамыту міндеті шешілетін жағдайда балаларды оқытуда көрнекі материалдарды қарқынды түрде пайдалану тиімді болмайтыны жайлы Э.Стоунстың дәл айтылған ескертуімен келіспеуге болмайды. Автордың бір-біріне мүлдем ұқсамайтын екі пікірін шатастырып алуға болмайды:

1. ... кішкентай балалардың ойлауы нақты деңгейде жүзеге асады, негізінен бейнелер арқылы қалыптасады.

2. ... түсініктерді қанағаттанарлық түрде үйренуге кепілдік беретін процесс кез келген жаста үйренушілерінің ақиқатпен сәйкес тәжірибесі қамтамасыз етілген жағдайда жүреді.

Бұл абстрактілі-логикалық ойлаудың қалыптасуы оқушының шынайы заттармен немесе олардың көрнекілік орнына қолданылатындарымен арадағы әрекетін ұйымдастыруын жоққа шығармайды. Дегенмен бұл баланың осы заттар туралы нақты түсініктер деңгейінде білім алуы үшін емес, осы заттар жайлы толық түсініктер қалыптастыру үшін жасалады.

Осылайша Э.Стоунс оқырманды оқушының ақыл-ой дамуы оқытумен тығыз байланыста жүретінін, оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері арқылы анықталатынын түсінуге алып келеді. Бұдан шығатын қорытынды, мұғалім оқушының сәтсіздіктерін олардың ақыл-ой дамуының нашарлығымен түсіндіруге қақысы жоқ, өйткені ол оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Оқыту арқылы мұғалім ойлаудың дамуын басқаруы тиіс. Бала ойлауына белсенді түрде әсер етуі, оның жаңа амалдарын құру жолдарының бірі ретінде ол П.Я.Гальперин және оның ізбасарлары жасаған ақыл-ой әрекетінің сатылап даму жолын көрсетеді.

Сонымен, Э.Стоунс: "Мектептегі өз іс-әрекетін белгілі бір теориялық принциптерге байланысты қалыптастыратын мұғалімдердің көмегімен ғана біз оқыту теориясы мен практикасында жақсы, мәнді прогреске қол жеткізе аламыз" деген сөздер әрбір педагогтың ұраны болуы тиіс деп", — көрсетеді.

И.И.Ильясовтың "Оқу процесінің құрылымы" атты еңбегінде оқуды зерттеудің негізгі екі мәселесі қарастырылады. Біріншісі, оқудың құрылымы мен шетелдік және отандық тұжырымдамаларын тарихи тұрғыда зерттеу. Бұл қазіргі авторлар дамытқан оқу жайлы көзқарас пен оқу тұжырымдамаларының ертедегі түрлерінің байланысы.

Бұл үшін қазіргі кездегі және ертедегі оқу тұжырымдамаларының нақты әрі қысқаша мазмұнын дайындау қажет. Әдебиеттегі оқу тұжырымдамалары талаптардың барлығына жауап бере алмайды, сондықтан да жас мамандар үшін оқу процесінің құрылымы мен аспектілерін түсіну қиынға түседі.

Екінші негізгі мәселе — оқу құрылымындағы "тығырықтарды" анықтау және оларды шешу жолдарын табу болып табылады. Осы мәселелер оқу құрылымын зерттеудегі

ауқымды бағыт болып есептеледі. Мұнда адамның тәжірибе жинау жүйесіндегі оқудың алатын орны, оқу құрамы мен құрылымы және тұлға қызметі ретінде қарастырылатын оқу құрылымының әр түрлі деңгейі, оқытудағы оқу құрылымының алуан түрлі нұсқаларының тиімділігі және оқу құрылымы детерминациясының теориялық мәселелері қарастырылады.

Осы жұмыста қарастырылған барлық жағымды жағдайлар — көптеген кеңес ғалымдарының, соның ішінде алдыңғы ұрпақ пен кейінгі ұрпақтың — Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, Н.А.Менчинская, Е.Н.Кабанова-Меллер, Ф.Талызина, В.В.Давыдов, Г.П.Щедровицкий және басқалар ойларының әсерімен қалыптасты. Осы ғалымдар еңбектерінің негізінде оқу жан-жақты зерттеліп, оқу процесінің күрделі құрылымына байланысты көптеген елеулі жаңалықтар ашылды.

Дамытушы оқытудың мәселелерін терең зерттеген А.М.Матюшкин "Ойлау мен оқытудағы мәселелік жағдайлар" атты еңбегінде білімді меңгеруді ұйымдастыруда баланың талабына түрткі боларлық жағдайларды зерттеген. Сонда ғана білімді игеру ісінің жағдайы таным талабын қанағаттандыру тәрізді меңгеру заңдылығының негізіне сай келеді. Адамның психикалық дамуы, әсіресе ақыл-ойының дамуы көптеген "кедергілерді" жою, ақыл-ой қиындықтарын жеңу жағдайында жүзеге асады.

Сонымен қатар, арнайы оқудың негізі балалардың таным қажеттілігін, ойлау мен адам мінезін меңгеруге ұмтылысын оятудан тұрады. Ақыл-ой қиындықтарының ерекшелігі — баланың өзіне белгілі тәсілмен берілген тапсырманы орындай алмауы. Ол оны орындай алуы үшін тапсырманың жаңа тәсілін табуы тиіс.

Ойлау іс-әрекетін қажет ететін мұндай шаралар психологияда мәселелік жағдайлар деп аталады, оған сай келетін тапсырма мәселелік тапсырма болып табылады. Белгілі бір тәсілден белгісіз жаңа тәсілге көшу іс-әрекеті баланы жаңа мәселелік жағдайды шешуге ұмтылдырады. Сондай-ақ асыра есептеуден кем есептеудің, қосу мен алудан көбейту мен бөлудің қарапайым түріне көшу баланың мәселелік тапсырмаларды шешуіне ықпал етеді де, оны жаңа іс-әрекет тәсілін шығармашылықпен игеруге жетелейді.

Мәселелік жағдайлар — ғылымда әлі ашылмаған тың құбылыс, ол жаңа заңдылықты түсіндіруді талап етеді. Бала үшін бұрын белгісіз заңдылықты игеру үлкен жаңалық боп табылады, бұл құбылыстың барысында білім алудағы арнайы ұйымдастырылған мәселелік жағдайдың негізінде ол осы жаңалықты ашады.

А.И.Герцен мынадай пікір айтқан: "Дүниеде жақсы кітаптар көп, бірақ ол кітаптар оларды оқи алатын адамдарға ғана жақсы. Кітапты оқи алу сауатты болумен мүлдем ұқсас емес." Мына кітапты қолына алған оқырман онымен жұмыс істеуге кеткен уақытын аямай, авторларымен диалог құра отырып, әлденеше рет ондағы ойларға қайта оралатынына сенеміз.

Құрастырушылар.

ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ ДАВЫДОВ

В.В.Давыдов педагогикалық психология саласындағы дамытушы оқыту теориясының негізін қалаушы, осы бағытта орта мектептерде жаңа білім беру бағдарламасын жасап, эксперименттік сыныптар ашқан. Ол А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет теориясы шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізген әйгілі кеңестік психолог-ғалым болып табылады.

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАЛПЫЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ*

I тарау. ДӘСТҮРЛІ ПСИХОЛОГИЯ МЕН ДИДАКТИКАДАҒЫ ЖАЛПЫЛАУ МӘСЕЛЕСІ

1. Жалпылау процесі және оның өнімінің сипаты

Педагогикалық психология мен дидактика жалпылау мәселесін қарастыруда ойлаудың теориялық-танымдық біліміне және мектепте нақты сабақ беру тәжірибесіне сүйенеді. Білімнің бұл салаларында оқушылардың ойлау іс-әрекетінің маңызды бөлігі жөнінде оқулықтарды құрастырушылар, әдіснамалық нұсқаулар авторлары, мұғалімдер қолданылатын жүйе ретінде ұғым орнықты. Оның теориялық мазмұнын қарастырмас бұрын, біздің ойымызша, психологиялық-дидактикалық әдебиеттерде кездесетін жалпылау түсінігінің нақты ұғымын анықтап алған жөн. Сонымен қатар көптеген авторлардың өзіндік ерекше пікірлеріне қарамастан барлығына ортақ басты ережелерді бөліп көрсетудің маңызы зор. Мектеп пәндерінің негізін құрайтын көзқарастар біртұтастылығын құру үшін оның басты идеяларын көрсету қажет. Себебі осы суреттеу келесі қарастырып отырған мәселені теориялық талдау жасауға негіз болады.

* Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. Москва, 2000. С. 15—91, 129—156.

"Жалпылау" ұғымы психологиялық-дидактикалық және әдістемелік әдебиеттерде жиі кездеседі. Ол оқушылардың білімді меңгеру процесінің әр түрлі жақтарын көрсетуде қолданылады. Әдетте бұл ұғымға байланысты құбылыстардың негізгі екі тобын бөліп көрсетуге болады. Егер жалпылауды процесс ретінде қарастырсақ, онда әдетте баланың жеке заттың қасиеттерін суреттеуден осыған ұқсас заттардың тобынан оны бөліп және орналасқан жерін анықтауға ауысуы байқалады. Мұнда бала бұл заттардың кейбір тұрақты, қайталанатын қасиеттерін тауып, бөліп көрсетеді. Психологиялық-дидактикалық жұмыстар үшін мынадай ереже тән: "жалпылау жүргізіледі, яғни бір түрге немесе класқа жататын заттардағы ұқсас қасиеттер ортақ болып есептеледі".

Бұл процесс нәтижесіне мінездеме бергенде баланың заттың кейбір жеке және құбылу белгілеріне көңіл бөлмеу қабілеті ескеріледі. Мысалы, оқушы практика жүзінде 5 таяқшаға 3 таяқшаны қосып, қосындысын (8) айтады. Енді берілген 5 қарындашпен 3 қарындашты қосуға арналған жаңа тапсырманы орындағанда ол бірден "бұл да сегіз болады" немесе "бәрібір сегіз" деп жауап қайтарса, бұл жауаптардан тиісті жалпылау байқалады. Тарих сабағы үстінде мұғалім оқушылардан "Полюдьё" деп аталатын суреттің астында неліктен "Князь Игорьдың салық жинауы" деп жазылмаған деп сұрауы мүмкін. Жалпылаудың бар болуы балалардың суреттелген фактінің типтілігін түсінгенінен, мәселен: "себебі салықты тек Игорь ғана осылай жинаған жоқ қой", — деген жауаптан көруге болады.

Жалпылауда, бір жағынан, заттардың көп түрлігі мен олардың қасиеттеріндегі кейбір *инвариантты* іздеу және оны сөзбен белгілеу, екінші жағынан — осы көптүрлі заттарды бөліп алған инварианттың көмегімен тану болады¹.

Балалардағы жалпылау мен *түсініктің* қалыптасуы мектептегі оқытудың басты мақсаттарының бірі болып есептелінеді². Түрлі пәндер бойынша оқулықтардағы материал, әдетте, оқушылардың онымен жұмыс істеуі сәйкес жалпылауларға алып келетіндей етіп орналастырылған. Мұғалімдерге әдістемелік құралдарда бұл процесті қалай бағыттау керек екендігіне, балалардың қол жеткізген жалпылау деңгейін қалай тексеру керектігіне қатысты нұсқаулар беріледі. Жалпылаудың қалыптасу "технологиясын" нақты мысалдар арқылы жан-жақты қарастырайық.

Орыс тілі курсы бойынша сөздің морфологиялық құрылымы оқытылады, соның ішінде балалар сөздің түбірімен, жалғауымен танысады. Оқулық бойынша балалар мынадай жұмыс жүргізеді — бастапқыда олар нақты мәтіндерді

көшіріп, ондағы негізі бір сөздерді бөліп алып, астын сызып отырады (орманишы, орман, ормандар т.б.). Осыдан кейін оқушылардың естерінде осындай сөздер сақталады, оқулықта әдейі бөліп көрсетілген бұл сөздер мағынасы жағынан бір-біріне жақын болып келеді, себебі олардың негізі бір. Содан кейін балалар: "Түбірлес сөздердің ортақ бөлігін түбір деп атайды" — деген анықтамамен танысып, түбірлес сөздерді тауып, көшіріп жазуға арналған бірқатар жаттығулар орындайды. Оның үстіне олар түбірдің анықтамасына сүйене отырып, оны сөздердің тобынан бөліп ала білуі керек.

Әрине сабақта мұғалім балаларға салыстырылатын сөздердің "мән бойынша ұқсастығын" табу және ортақ бөлімді бөліп көрсету үшін қажет салыстыру әдістерін көрсетеді. Оқушылардың мұндай тәсілдерді меңгеруі жалпылау процесіндегі нақты жағдай, оның нәтижесі "сөз түбірі" деген түсінікке негізделген.

Нақты құбылыстардағы қайталанатын тұрақты элементті табу тарихи деректермен жұмыс істегенде де қолданылады. Мәселен, оқушылар Ежелгі Шығыс елдерінің тарихымен рет-ретімен танысады. Олардың табиғи жағдайларын салыстыра келе, оқушылар Египет, Месопотамия, Үндістан, Қытай сияқты елдер арасында айырмашылықтар бола тұра олардың үлкен өзен аңғарларында орналасқанын көреді. Осы ұқсас ерекшеліктер "Ежелгі Шығыстағы алғашқы мемлекеттер үлкен өзендер аңғарларында пайда болды" деген жалпылау жасауға мүмкіндік береді.

Геометрия сабағын оқытқанда мұғалімдер оқушыларға түрлі бұрыштар туралы нақты ұғымдар беруге тырысады (мысалы, олар циркульдің екі аяғымен жасаған бұрышты көрсетіп, есік пен қабырға арасындағы бұрыштың өзгеруіне назарларын аудартады). Сол кезде оқушыларда бұрыштың барлық бақылаулардың бір ғана түсінікке — бір нүктеден шыққан екі сәуле символы болып табылатын түсінікке жалпылануының идеясы қалыптасады деп ұйғарылады. Көп санды тиісті сәйкестендірілген фактілер негізінде оларды біріктіретін жалғыз қасиеті жөнінде жалпылама абстрактілі идея пайда болады.

Әр түрлі оқу пәндерінен жалпылау процесі мен оның нәтижесін ұқсас бейнеде сипаттайтын мысалдар көп келтіруге болады. Ал "таза" күйінде оның ерекшеліктері дидактика бойынша оқулықтардың бірінде жақсы жазылған: "дербес түсініктерді қалыптастыру үшін ең алдымен оқушылар мұғалім ұсынған және осы арнайы мақсатқа таңдалып алынған көп мөлшерде бірдей немесе ұқсас заттарды бір-бірімен салыстырып талдау жасауы керек". Сонымен қатар әр түрлі заттардың жеке қасиеттерін жүйелі қарастырылып, бұл